КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қысқаша шешім)

2025 жылғы 30 қаңтар №7119-25-00-2/828 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Энергия» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Ақмарал» атынан Өмірзақ Ермұхамбет Қалелұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «Астана-Энергия» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Ақмарал» атынан Өмірзақ Ермұхамбет Қалелұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ақмарал» атынан Өмірзақ Ермұхамбет Қалелұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ақмарал» атынан Өмірзақ Ермұхамбет Қалелұлынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Документ подписан: Нұрғалиева Ж. Д., 30.01.2025

Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Нұрғалиева Ж. Д., 11.03.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.Ж.Нұрғалиева**

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 30.01.2025

Дата вступления в законную силу: 06.03.2025, судья Нургалиева Ж. Д., 11.03.2025

7119-25-3-1/423